

Бекітемін:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Менгерушісі:

Баймолдина К.К.



Келісілді:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Әдіскері:

Оразғалиева Г.Б.

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Мектепалды даярлық тобына арналған

ұйымдастырылған іс – әрекеттің циклограммасы

2022 – 2023 оқу жылына

Тәрбиеші: Сыдыкова Д.С

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды даярлық

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 4-апта 22 (24.10) - 28 қазан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Сенбі 22.10.22ж (24.10)	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады		Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру		Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.		Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 4				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.		«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар жасау Мақсаты: , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру Күзгі жапырақтар Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырық. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап	.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау - Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету (кірікт. 25.10) Мақсаты сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр буын туралы түсініктерін қалыптастыру «Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Мақсаты буындардан сөз құрауға үйрету. «Жоғалған буын» дидактикалық ойыны Шарты: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те - (геш), те -(рек), те - (мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ак). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) «Буынды қос» дидактикалық ойыны – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды	Көркем әдебиет Міндеті: Мәнерлеп өлеңдерді жатқа, интонациямен айту Мақсаты өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. Жұмбақты шеш. Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар. (Бидай) . Не артық? Белгіле. Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді.

			Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадакталады.	айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.	
--	--	--	---	---	--

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Мысықтар мен балалар»

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР Дауыстарын қайтала. Аң біткенмен алысқан Ақырады арыстан: А-а-а-а-а-а Нәзік дауысы қозының Естіледі алыстан: Мә-ә-ә-ә-ә Дөңгелетіп аузыңды, Жіңішкертіп даусыңды, Бұзаумын деп ойла да, Дауысын оның қайтала: Мө—ө-ө-ө (Балақай, жан жануарлардың дауыстарыне сала отырып, кей		Ойын: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис»,
--	---	---

дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал) Майлыаяқ. Жайлау толы малды аяп, Күзетіп жүр Майлыаяқ. Жолатпайтын ешкімді, Дауысы алыстан естілді: (ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р «Тамақ жеймін ашпын д»,-деп, «Қорқып иттер қашсын», -еп, Күжірейтіп желкесін Ырылдады қасқыр кеп: (орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р «Қорықпаймын сенен»,-деп, «Сазайыңды берем»,-деп, Дірілдетіп қасқырды Айбатын ит асырды: (қатты дауыспен) –р-р-р-р-р «Мынау бәле екен» деп, «Түбіме бұл жетер» деп, Қорқып қасқыр жөнелді, Қайтып келмес ол енді. (Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе? Өзара екі топқа бөлініңдер де, қасқыр мен иттер болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)		деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.		
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
Қоршаған орта Міндеті: Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету Мақсаты ата-		Математика негіздері Міндеті: Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.	Математика негіздері Міндеті: Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Мақсаты	Қоршаған орта Міндеті: Отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу Мақсаты Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл

	бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай жалғастыру керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам өміріндегі маңызы туралы алғашқы түсініктерінің болуы. «Үй сыртында қолағаш» ойыны. Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді: «Үй сыртында қолағаш» ойыны. Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді:		- Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша) дұрыс атап оларды ажырата білуге жаттықтыру(кірікт. 25.10) Мақсаты: геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру (кірікт. 25.10) Ойын жаттығуы: «Пішіндер неге ұқсайды?» Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады. - Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус) - Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стаканға) -Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына).	геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру «Пішінді табындар» дидактикалық ойыны. Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сықырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған	құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту «Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын ұйымдастырады. Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.). Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі
--	---	--	--	--	---

	. Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын ажыратпайды. Ол – есік ашпағанның белгісі. Ойын бастаушы: «Үй сыртында қолағаш Озам десең, ала қаш» – деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамалмен соғып қалып, орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. Орамал алған бала қарама-қарсы жақпен жүгіреді.		Кеңістіктік ұғымдарды дамытуға арналған ойын: «Фигураны атап көрсет» үш сөреге ойыншықтар қойылады, педагог сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан пішін бейнеленген карточканы көтеруді сұрайды. Екінші сөренің ортасында. Төменгі сөренің сол жағында және т.б. Балалар карточканы көтергеннен кейін пішіннің қалай аталатынын дауыстап айтуы қаже	ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды	
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары

«Жасыру» саусақ ойыны.

Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.

Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.

Ал енді, келесі қолға жасырамыз.

Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз.

Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық



Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-н санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады.

деңгейі артады. «Салат» саусақ ойыны. Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді) Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді) 		Бірінші жетіп, сылдыратқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады. Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./
--	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі Міндеті: -Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға Мақсаты өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту Суретте қай жыл мезгілі		Сөйлеуді дамыту Міндеті: -Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу Мақсаты , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру Өлеңде қай мезгіл бейнеленген?	Көркем әдебиет Міндеті: Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), Мақсаты өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - Тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою-өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету Мақсаты:- - тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою-өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету --табақты мүсіндеу --геометриялық пішіндерден табак қию
--	--	--	---	--	--

	бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.		Не жайлы айтылған? Ақын жапырақтарды неге теңеген? Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік. Күз мезгілі қандай? Күз мезгілінде айнала сары болады. Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі. Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары Керемет көрініс	дағдыландыру Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлең шумақтарында не жайында айтылған? – Өлеңді кім жазған? – Алтын астық деген сөзді қалай түсінесің? – Астыққа не жатады? – Астық үлкен еңбектің арқасында келеді дегенді қалай түсінесің?	-- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Топтық жұмыстар
Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.					

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары

«Кірпі» жаттығуы

Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)

Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,

Өкпелеме жарайма!

Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.

Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз.

Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.

Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.

В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.

Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр.

Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.



Ойын: «Көжектер»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.

Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру Міндеті: Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту Мақсаты: Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту Аяқты уқалау (Б.қ. – малдас құрып отыру). Мақсаты: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау. Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды		Дене шынықтыру Міндеті: Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру Мақсаты Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» (5 рет). Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады.	Дене шынықтыру Міндеті: Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру Мақсаты - Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту Саусақ гимнастикасы: «Менің үйім» «Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасандар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасандар). Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен бұталарды бейнелеңдер).	Музыка Міндеті: - Музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау. - Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау \ (кірікт.25.10) Мақсаты Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)
---	--	---	---	--

	сипалайды, шымшиды. Табандарын айналдырады, табанды алақандарымен шапалақтайды. Осылайша оң табанды уқалайды			Мынау – хош иісті гүлдер (алақандарымен гүлдің қауызын жасандар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады). Аула іші тап-таза (ауаны сипалаңдар), қақпаны ашамыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді). Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): түк-түк-түк. Есікке кім жақындап келе жатыр? (Алақанға құлақтарын тосады), Біз қонаққа келдік, көп базарлық әкелдік (қолды алдыға созып, бір нәрсе әкеле жатқандай бейнелеңдер)».	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Серуен	Бақылау: Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек : Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат . Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. Ойын: « Біз кішкене отбасы » Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Қимылдық ойын: « Шымшық доп » Ойын барысы : Алаңның ортасындағыбір тағанның	» .	Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » . Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын : « Допты қуып жет » . Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Кім тезірек? » Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру	Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек : Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » . Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық » Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір	Бақылау: Кемпіркосақты бақылау . Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпіркосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. Еңбек : Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Жеке жұмыс : Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің , Аспанға әшкейлеп Кесте тіктім. (Кемпіркосақ) Мақсаты : Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » . Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету. Қимылдық ойын: . « Қимақ » . Ойын барысы: Бұл ойынды жіп керіп , сол
----------------------	--	------------	---	--	---

	үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды. Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады. (Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет). Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады. Басқарушы таңдап алынады. Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді. Ойнаушылар оны ұстап алады. Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1. Жарысу. 2. Төбешікке секіру.		қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады. Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. Тренинг: « Қолшатыр » .	аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады. Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: Қуаласпақ. Тығылыспақ. Тренинг: « Киіз үй » .	керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды. Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды. Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, « осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал » , - дейді. Ойыншы қиып алған ойыншығын алады. Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды. Дербес ойындар: 1. Әткеншек тебу. 2. Ирек жолмен жүру.
--	--	--	---	--	---

Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің баланыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.		<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің баланыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп баланызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Баланыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тексерген: Оразгалиева Г.Б